«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛДІ
«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
2026 жылғы «29» 05
№ 13 хаттама

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫ

Алматы, 2026 ж.

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

Құжат	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Келісілді	Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	**Галеева А.К.**	
	Басқарма мүшесі - Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор	**Ибраимов М.К.**	
	Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры	**Рахимбекова Б.К.**	
	Адам ресурстарын дамыту департаменттің директоры	**Калтаев А.С.**	
	Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы	**Амандыкова А.А.**	
	Заң департаменті Құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы	**Женисова Д.Д.**	
	Білім беру үдерісін жоспарлау және сүйемелдеу басқармасының басшысы	**Асылбеков Е.А.**	
Әзірленді	Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз ету басқармасының басшысы	**Мусинова А.А.**	
	Академиялық талдау және білім сапасын бақылау кеңсесінің жетекшісі	**Ботаева А.Т.**	
	Академиялық талдау және білім сапасын бақылау кеңсесінің сарапшысы	**Дюсенбина И.А.**	

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 4
2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР 4
3. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ 6
4. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ БҰЗУ ТҮРЛЕРІ 7
5. АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ 9
6. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ 11
7. БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ 12
8. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ .. 15
9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР 16

1-қосымша 17

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ-дағы (*бұдан әрі* – Университет) Академиялық адалдық саясаты (*бұдан әрі* – Саясат) Университеттегі академиялық мінез-құлықтың қағидаттары мен стандарттарын айқындайды және білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметінде адалдық, сенім және жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

1.2 Саясат академиялық процестердің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге, зияткерлік меншікті және ғылыми қызмет нәтижелерін қорғауға, сондай-ақ академиялық қауымдастық, жұмыс берушілер мен қоғам тарапынан Университеттің оқу және ғылыми нәтижелеріне деген сенімді нығайтуға бағытталған.

1.3 Университетте академиялық адалдық қағидаттарын сақтау Университеттің академиялық беделі мен оның білім беру және ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелеріне ұлттық және халықаралық деңгейде деген сенімді қамтамасыз етудің міндетті әрі қажетті шарты болып табылады.

1.4 Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, академиялық және ғылыми адалдықтың халықаралық қағидаттарына, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген (*құжаттар тізімі 1-қосымшада көрсетілген*).

1.5 Осы Саясаттың талаптары білім алушыларға, профессор-оқытушылар құрамына, Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне, сондай-ақ Университеттің білім беру, ғылыми және әдістемелік қызметіне қатысатын өзге де тұлғаларға қолданылады.

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

2.1 Академиялық мәдениет – білімге құрмет, ғылыми адалдық, академиялық еркіндік және адалдық қағидаттарына негізделген университет қауымдастығының құндылықтары, мінез-құлық нормалары мен дәстүрлерінің жүйесі.

2.2 Академиялық этика – білім беру және ғылыми процеске қатысушылардың кәсіби мінез-құлқын реттейтін моральдық нормалар жиынтығы.

2.3 Академиялық бұзушылық - әділетсіз академиялық артықшылыққа қол жеткізу немесе алуға тырысу, сондай-ақ білім беру немесе ғылыми қызметте осындай артықшылықты алуға басқа адамдарға жәрдемдесу.

2.4 Академиялық адалдық – оқу, ғылыми және әкімшілік қызметтегі адал мінез-құлық қағидаттарының жиынтығы, оған плагиатқа, деректерді ойдан шығаруға, бұрмалауға, жасырын келісім жасау мен басқа да бұзушылықтарға жол бермеу кіреді.

2.5 Академиялық сауаттылық - оқу және ғылыми жұмыстарды дайындау және ұсыну үшін қажетті білім мен дағдылар жиынтығы, оның ішінде ақпарат көздерімен жұмыс істей білу, сілтемелерді дұрыс келтіру және рәсімдеу, академиялық адалдық қағидаттарын сақтау.

2.6 Академиялық еркіндік - білім беру процесі субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, қосымша оқу түрлері және білім беру қызметін ұйымдастыру мазмұнын өз бетінше айқындауға берілетін өкілеттіктер жиынтығы, оның мақсаты - оқытушылар мен білім алушылардың шығармашылық дамуына жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану.

2.7 Оқыту және білім беру сапасы жөніндегі академиялық комитет - факультетте оқыту мен білім беру сапасын қамтамасыз ету және жақсарту үшін әдістемелік қолдауды үйлестіретін, соның ішінде халықаралық стандарттарға негізделген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің сақталуын талдау және бақылауды, сондай-ақ академиялық қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруды жүзеге асыратын Университет оқытушыларының алқалы кеңесші органы.

2.8 Генеративті жасанды интеллект - мәтін, код және басқа материалдарды автоматты түрде жасайтын бағдарламалық жүйелер.

2.9 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент (АМД) – Университетте кадрларды даярлау сапасына мониторинг, талдау және бақылау жүргізу негізінде оқу үдерісін жоспарлауды, ұйымдастыруды және жетілдіруді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше.

2.10 Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент (ҒИҚД) – Университетте жүргізілетін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ), сондай-ақ ғылыми кадрларды даярлауды жүзеге асыратын және үйлестіретін Университеттің құрылымдық бөлімшесі.

2.11 Univer ақпараттық жүйесі (Univer АЖ) – Univer.kaznu.kz ақпараттық-бағдарламалық кешені университеттің оқу үдерісін толық қамтитын әкімшілендіру және оқу қызметін басқару жүйесі болып табылады.

2.12 Жеке оқу жоспары - әрбір оқу жылы үшін білім алушының білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен өздігінен қалыптастыратын оқу жоспары.

2.13 Білім беру бағдарламасы - оқытудың мақсаттары мен мазмұны, нәтижелері мен оны бағалау критерийлері, білім беру процесін ұйымдастыру, жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерін қамтитын кешен.

2.14 Тіркеуші кеңсесі - білім алушының оқу жетістіктерін тіркеу мен академиялық рейтингін есептеуді, білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды, аралық аттестаттау нәтижелерін бақылау мен талдауды қамтамасыз ететін академиялық қызмет.

2.15 Пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) – нақты оқу пәні шеңберінде сапалы оқыту мен оқуды қамтамасыз етуге қажетті және жеткілікті оқу-әдістемелік құжаттардың жиынтығы: силлабус; дәріс конспектілері/практикалық сабақтарға арналған тақырыптық материалдар; практикалық / семинар / зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар; білім алушылардың өзіндік жұмысына (БӨЖ) арналған нұсқаулық; пән бойынша қорытынды бақылау бағдарламасы. ПОӘК-тің негізгі тасымалдаушысы – Univer АЖ болып табылады.

2.16 Цифрлық академиялық этика – цифрлық технологияларды адал пайдалану нормалары.

3. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

3.1 Университеттегі академиялық адалдықтың негізін келесі құндылықтар құрайды:

– **адалдық** – оқу және ғылыми жұмысты алдаусыз, бұрмалаусыз адал орындау;

– **сенім** – білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара құрмет пен сенімге негізделген академиялық ортаны қалыптастыру;

– **әділдік** – оқу және ғылыми қызмет нәтижелерін бағалауда тең жағдайларды қамтамасыз ету;

– **құрмет** – басқа тұлғалардың авторлығын және зияткерлік үлесін мойындау;

– **жауапкершілік** – білім беру процесінің әрбір қатысушысының академиялық адалдықты сақтаудағы өз рөлін түсінуі;

– **ашықтық және айқындық** – оқыту, бағалау және ғылыми зерттеулер жүргізу қағидаларының айқын болуы.

3.2 Университет академиялық тұтастықты оқыту нәтижелерінің, ғылыми зерттеулердің және басқа да академиялық қызмет түрлерінің сенімділігін қамтамасыз ететін академиялық мәдениеттің негізі ретінде қарастырады.

3.3 Университет академиялық адалдық қағидаттарының бұзылуының алдын алуға бағытталған академиялық ортаны қалыптастырады және адал білім алу, оқыту мен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

3.4 Білім алушылардың, оқытушылардың және қызметкерлердің барлық оқу, ғылыми, аналитикалық және басқа да академиялық жұмыстары академиялық адалдық қағидаттарына, соның ішінде ақпарат көздерін дұрыс пайдалану және сілтеме жасау қағидаттарына сәйкес дербес жүзеге асырылады.

3.5 Университет бағалау материалдарының, соның ішінде емтихан тапсырмаларының, бағалау нәтижелерінің және білім алушылардың оқу

жетістіктерін бақылау рәсімдеріне қатысты басқа да ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз етеді.

3.6 Білім беру және ғылыми қызметтің қосалқы құралы ретінде цифрлық технологиялар мен генеративті жасанды интеллект модельдерін пайдалануға рұқсат етіледі және олар автордың дербес академиялық қызметі мен жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілігін алмастырмауы тиіс.

3.7 Университет білім алушыларының, оқытушыларының және қызметкерлерінің оқу процесінде цифрлық технологиялар мен генеративті жасанды интеллект модельдерін пайдалану тәртібі мен шарттары «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану туралы ережемен» және «Мәтіндік құжаттарды плагиатқа тексеру тәртібі туралы ережемен» анықталады.

3.8 Университет қауымдастығының мүшелері басқалардың зияткерлік қызметінің нәтижелерін иемденуге жол бермейді және ақпарат көздерін адал пайдалануды қамтамасыз етеді.

3.9 Университет академиялық тұтастықты қамтамасыз ету үшін заманауи құралдарды, оның ішінде көшіріп алуларды тексеру жүйелері мен академиялық бұзушылықтарды анықтаудың өзге де құралдарын пайдаланады.

3.10 Профессор-оқытушылар құрамы академиялық адалдық қағидаттарын сақтау, оқу және ғылыми жұмыстарды орындауға қойылатын талаптардың ашықтығын қамтамасыз ету және бағалаудың объективтілігі арқылы академиялық адалдық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді.

3.11 Білім алушылар академиялық адалдық мәдениетін қалыптастырудың белсенді қатысушылары ретінде қарастырылады және оқу мен зерттеу жұмыстарын адал орындауға, Университеттің академиялық беделін қолдауға жауапты.

3.12 Академиялық адалдық қағидаттарын ұстану Университет қауымдастығының барлық мүшелерінің ортақ жауапкершілігі болып табылады және білім беру, ғылыми мен әдістемелік қызмет нәтижелеріне деген сенімді нығайтуға бағытталған.

3.13 Университет академиялық адалдық қағидаттарының сақталуына жағдай жасайды және білім беру, ғылыми және әдістемелік қызметте оны қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуіне жауапты болады.

3.14 Осы Саясатпен реттелмеген академиялық адалдық мәселелері Университеттің басқа ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

4. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ БҰЗУ ТҮРЛЕРІ

Академиялық адалдықты бұзуға келесі әрекеттер жатады (бірақ олармен шектелмейді):

4.1 Плагиат - өзге тұлғаның мәтінін, идеяларын, деректерін немесе жұмыс нәтижелерін дереккөзін көрсетпей өзінікі ретінде ұсыну немесе алынған материалдарды жұмыстың дербестігіне күмән келтіретін көлемде және түрде пайдалану.

4.2 Өзіндік плагиат - бұрын ұсынылған немесе жарияланған өз жұмыстарын оның бұрын қолданылғанын көрсетпей қайта пайдалану.

4.3 Көшіріп алу - оқу тапсырмаларын орындау немесе бағалау рәсімдерінен өту кезінде басқа тұлғалардың материалдарын, жауаптарын немесе жұмыс нәтижелерін пайдалану немесе көшіру.

4.4 Сөз байласу (адал емес ынтымақтастық) - білім беру процесіне қатысушылардың академиялық жұмысты бірлесіп орындау туралы келісуі немесе жеке орындалуы тиіс жұмысты басқа білім алушы үшін орындау.

4.5 Деректерді бұрмалау/қолдан жасау - зерттеу деректерін, нәтижелерін, академиялық жазбаларды немесе өзге құжаттарды қолдан жасау, өзгерту немесе ойдан шығару, сондай-ақ зерттеу барысында алынған ақпаратты жасыру немесе бұрмалау.

4.6 Жұмыстарды қайталап тапсыру - оқытушының алдын ала рұқсатынсыз бір жұмысты әртүрлі пәндер немесе курстар бойынша бағалау үшін қайта ұсыну.

4.7 Академиялық алдау (алаяқтық) – білім алушының академиялық жұмысты немесе оның бір бөлігін ақылы түрде немесе өзге негізде үшінші тұлғадан тапсырыс беру, сатып алу не басқа жолмен алу арқылы иеленіп, оны өзінің еңбегінің нәтижесі ретінде ұсынатын алаяқтық нысаны.

4.8 Технологияны дұрыс пайдаланбау - электрондық құрылғыларды, бағдарламалық жасақтаманы немесе жасанды интеллект жүйелерін тағайындау талаптарын бұза отырып немесе олардың пайдаланылғанын мойындамай пайдалану.

4.9 Сыбайлас жемқорлық әрекеттері және мүдделер қақтығысы - заңсыз келісімдер, марапаттаулар немесе қызметтік мансапты өз мүддесіне пайдалану арқылы бағалау нәтижелеріне әсер ету немесе академиялық артықшылық алу әрекеттері.

4.10 Оқытушы немесе білім алушылардың жұмысына кедергі жасау - сабақтың қалыпты оқу барысын немесе оқу тапсырмаларын орындауды бұзатын іс-әрекеттер, оның ішінде оқытушының немесе басқа білім алушылардың жұмысына кедергі келтіру, оқу процесіне қатысушыларды жаңылыстыру, бағаланған жұмыс пен оқу материалдарына зиян келтіру немесе өзгерту.

4.11 Академиялық әрекетке сәйкес келмейтін өзге де формалар – академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін және әділетсіз академиялық артықшылықтарға қол жеткізуге бағытталған кез келген әрекеттер.

5. АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1 Университеттің профессор-оқытушылар құрамы құқылы:

– білім алушылардың академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды талап етуге;

– силлабус пен ПОӘК-нің басқа құжаттарына сәйкес оқу тапсырмаларын орындау критерийлерін белгілеуге;

– «Мәтіндік құжаттарды плагиатқа тексеру тәртібі туралы ережеге» сәйкес оқу және ғылыми жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру үшін бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалануға;

– академиялық адалдық принциптерін бұза отырып орындалған жұмысты қабылдамауға;

– академиялық адалдық мәселелері бойынша әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау алуға;

– оқыту және білім беру сапасы жөніндегі академиялық комитеттің отырысында академиялық адалдықты бұзу туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысуға;

– даулы жағдаяттарда кәсіби ар-намыс пен абыройын қорғауға.

5.2 Университеттің профессор-оқытушылар құрамы міндетті:

– оқу, ғылыми және әдістемелік қызметінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға;

– білім алушылардың оқу және ғылыми қызметінің нәтижелерін авторлыққа сілтеме жасамай пайдаланбауға;

– «Академиялық саясатқа», «Оқу нәтижелерін бағалау саясатына» және Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда объективтілікті, ашықтықты және әділдікті қамтамасыз етуге;

– білім алушыларға академиялық тапсырмаларды және ғылыми зерттеулерді орындау кезінде академиялық адалдық талаптарын түсіндіруге;

– «Мәтіндік құжаттарды плагиатқа тексеру тәртібі туралы ережеде» көрсетілген білім алушылардың жазбаша жұмыстарының түпнұсқалығын тексеру рәсімін қолдануға;

– білім алушыларға бағалау нәтижелері және кез келген қателер туралы жедел хабарлауға;

– субъективтілікке, кемсітушілікке және мүдделер қақтығысына жол бермеуге;

– академиялық адалдықтың бұзылуына жол бермеу және анықталған фактілер туралы факультеттің Оқыту және білім беру сапасы жөніндегі академиялық комитетіне хабарлауға.

5.3 Университет білім алушылары құқылы:

– академиялық адалдық қағидаттарын құрметтейтін ортада оқуға;

– оқу жетістіктері объективті және ашық түрде бағалануына;

– бағалау критерийлері мен рәсімдері туралы ақпарат алуға;

– тапсырма талаптарының түсіндірмелерін алуға;

– академиялық адалдықты бұзу туралы негізсіз айыптаулардан қорғануға;

– белгіленген тәртіпте дауларды шешуге және бағалау нәтижелерін қайта қарауға шағымдануға;

– жеке қадір-қасиетіне құрметпен қаралуына және әлеуметтік жағдайы, ұлты, тілі, жынысы, діни сеніміне және басқа да белгілеріне қарамастан тең қарым-қатынас жасауға;

– академиялық адалдық мәселелері бойынша кеңес алуға.

5.4 Университет білім алушылары міндетті:

– оқу және зерттеу барысында академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға;

– егер тапсырма талаптарында өзгешелік кездеспесе, оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауға;

– ақпарат көздерін дұрыс пайдалануға және оларға сілтеме беруге;

– плагиат, алдау, деректерді бұрмалау, зерттеу нәтижелерін қолдан жасау және академиялық адалдықтың басқа да бұзылуларына жол бермеуге;

– ағымдағы, аралық және қорытынды бағалауларды, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды өткізу ережелерін сақтауға;

– ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау, сондай-ақ қорытынды аттестаттау кезінде көмекші ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа техникалық құралдарды пайдаланбауға; басқа білім алушылармен немесе бейтаныс адамдармен сөйлеспеуге; жауаптарда толық аты-жөнін және/немесе басқа жеке басын куәландыратын жазбаларды жазбауға;

– оқу және ғылыми-зерттеу қызметінің нақты ақпараты мен нәтижелерін қамтамасыз етуге;

– білім беру процесінің басқа қатысушыларының құқықтары мен академиялық еркіндігін құрметтеуге;

– академиялық адалдықтың анықталған кез келген бұзушылықтары туралы факультеттің этика комитетіне/кеңесіне хабарлауға.

5.5 Университет қызметкерлері құқылы:

– АМД және ҒИҚД-не академиялық тұтастықты қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

– академиялық адалдық мәселелері бойынша іс-шараларға қатысуға;

– АМД және ҒИҚД-нен әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау алуға;

– өзінің кәсіби ар-намысы мен абыройын қорғауға.

5.6 Университет қызметкерлері міндетті:

– қызметтік міндеттерін орындау кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға;

– құжаттаманың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

– білім алушылардың, оқытушылардың және Университет қызметкерлерінің жеке деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге және олардың жария етілуіне жол бермеуге;

– мүдделер қақтығысын болдырмауға;

– академиялық адалдықтың анықталған бұзушылықтары туралы АМД және ҒИҚД-не хабарлауға.

6. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

6.1 Университет адал академиялық мәдениет қалыптастыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған академиялық адалдықты қолдау және алдын алу жүйесін жүзеге асырады.

6.2 Университет білім алушылардың академиялық сауаттылығын дамытуды қамтамасыз етеді, оның ішінде академиялық жазуға нұсқау беру, дереккөздерге дұрыс сілтеме жасау, академиялық адалдық стандарттарын сақтауды қамтамасыз етеді.

6.3 Университет білім алушыларға оқу материалдарына, білім беру инфрақұрылымына және ішкі нормативтік құжаттарға, сондай-ақ пәндер мен оларды меңгеруге қойылатын талаптар туралы жаңартылған ақпаратқа Univer АЖ және Университеттің ресми веб-сайты арқылы ашық қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы білім беру процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

6.4 Университет «Студенттердің мәтіндік құжаттарында көшірудің бар-жоғын тексеру туралы ережеге» сәйкес білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тексеру кезінде мәтіндерді рұқсатсыз алуды, техникалық айналып өтулерді, мәтіндерді жасауды және академиялық тұтастықты қамтамасыз етудің басқа да құралдарын тексеру жүйелерін пайдаланады.

6.5 Дереккөзді көрсетпей генеративті жасанды интеллект арқылы жасалған мәтін «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану туралы ережеге» сәйкес академиялық тұтастықты бұзу болып саналады.

6.6 Farabi Proctoring System тестілеу және жазбаша онлайн емтихандар үшін қолданылады.

6.7 Тіркеуші кеңсесі осы Саясатқа сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды және университеттің Univer АЖ оқу нәтижелерін көрсетуді қамтамасыз етеді.

6.8 Университет білім алушыларды академиялық қолдау жүйесінің жұмыс істеуін келесідей қадамдармен қамтамасыз етеді:

– жоғары оқу жетістіктері мен ғылыми қызығушылықтары бар білім алушыларға қолдау көрсету;

– академиялық қиындықтарға тап болған білім алушыларға қолдау көрсету;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар жеке тұлғалардың білім алуына жағдай жасау;

– қолдауды қажет ететін білім алушылардың басқа да санаттары.

6.9 Оқыту және білім беру сапасы жөніндегі академиялық комитеттер және факультет этикасының комитеттері/кеңестері тиісінше оқытушылар мен білім алушылар тарапынан академиялық адалдықтың бұзылу жағдайларын бақылауды және қарауды жүзеге асырады.

6.10 АМД және ҒИҚД Университеттің білім беру және ғылыми қызметіне қатысатын құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің академиялық адалдықты бұзу жағдайларын бақылауды және қарауды жүзеге асырады.

6.11 АМД және ҒИҚД академиялық үлгерім мен апелляция нәтижелерін талдау, академиялық адалдықты бұзу жағдайларын есепке алу және олардың алдын алуға бағытталған түзету шараларын әзірлеу мен іске асыру арқылы академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

7. БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

7.1 Академиялық адалдықты бұзуды анықтау және қарау объективтілік, әділдік, шешім шығаруда тәуелсіздік және мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттарына негізделген.

7.2 Академиялық адалдықты бұзу туралы болжамды істер адалдық презумпциясы және әділ тыңдау құқығы қағидаттарына сәйкес қаралады.

7.3 Академиялық адалдықты бұзу туралы істерді қарау кезінде бұзушылықтың сипаты, ниетінің дәрежесі, бұзушылықтың мән-жайы және бұрын соңды бұзушылықтар орын алуы не орын алмауы ескеріледі.

7.4 Абайсызда жіберілген қателер, ғылыми көзқарастардағы, зерттеу әдіснамасындағы немесе нәтижелерді түсіндірудегі айырмашылықтар академиялық адалдықты бұзу болып саналмайды.

7.5 Академиялық адалдықты бұзу фактілерін білім алушылар, оқытушылар немесе Университет қызметкерлері, сондай-ақ басқа да адамдар анықтауы мүмкін.

7.6 Анонимді түрде хабарланған бұзушылық фактілері құқықтарды қорғауға арналған жеке талаптар ретінде қарастырылмайды, бірақ жеткілікті деректер болған жағдайда ішкі тергеу жүргізу үшін негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін.

7.7 Академиялық адалдықтың бұзылуы туралы хабарлаған адамдар осындай хабарламаның берілуіне байланысты қудалауға немесе теріс қарым-қатынасқа ұшырамайды.

7.8 Академиялық адалдықтың бұзылуы туралы болжамды фактіні анықтаған адам оқиғаның мән-жайын сипаттайтын мәлімдеме немесе жазбаша хабарлама дайындауы және бар болған жағдайда растайтын материалдарды қоса тіркеуі тиіс.

7.9 Мәлімдеме немесе жазбаша хабарлама факультет деканына немесе Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысына жіберіледі.

7.10 Факультет деканы немесе Университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы ұсынылған материалдарды бастапқы қарауды ұйымдастырады және негіздер болған жағдайда оларды оқытушылар жасаған бұзушылықтарға қатысты Оқыту және білім беру сапасы жөніндегі академиялық комитеттің қарауына, білім алушылар жасаған бұзушылықтарға қатысты факультеттің Этика комитеттеріне/кеңестеріне, не қызметкерлер жасаған бұзушылықтарға қатысты ОӘД мен ҒИҚД-ның қарауына жібереді.

7.11 Оқыту және оқу сапасы жөніндегі факультеттің академиялық комитеттері, факультет этикасының комитеттері/кеңестері, АМД және ҒИҚД анықталған академиялық адалдықтың бұзылуының тіркелуін және құжатталуын қамтамасыз етеді, оқиғаның мән-жайларын талдайды және академиялық адалдықтың бұзылуының бар-жоғы туралы шешім қабылдайды.

7.12 Академиялық адалдық қағидаларын бұзды деп қарастырылып отырған адам келесі құқықтарға ие:

- өз ұстанымының түсініктемелері мен дәлелдемелерін ұсынуға;
- қосымша материалдар ұсынуға;
- куәларды немесе өзге де растайтын құжаттарды тартуға.

7.13 Факультеттердің оқыту және оқу сапасы жөніндегі академиялық комитеттерінің, факультеттердің этика комитеттерінің/кеңестерінің, АМД және ҒИҚД отырыстарындағы шешімдер бұзушылықтың сипатын, ниет дәрежесін, оның жасалу мән-жайларын, бұрынғы бұзушылықтардың болуын, сондай-ақ қолданылған тәртіптік шаралардың пропорционалдылық қағидатын ескере отырып қабылданады және хаттамалармен рәсімделеді.

7.14 Шешімдер уәкілетті лауазымды тұлғалардың немесе Университеттің Тәртіптік комиссиясының осы Саясатта және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіптік жауапкершілік шараларын және өзге де ықпал ету шараларын қабылдауына негіз болып табылады әрі АМД және ҒИҚД-ке беріледі.

7.15 Тәртіптік шаралар.

7.15.1 Қызметкерлерге немесе оқытушыларға қолданылатын тәртіптік жазалар:

– ескерту;

– сөгіс;

– қатаң сөгіс;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу.

7.15.2 Білім алушыларға қолданылатын тәртіптік шаралар:

– алдын ала ескерту;

– академиялық адалдық қағидаттарын бұза отырып орындалған жұмыс нәтижелерін, тапсырмаларды, білімді бағалауды немесе бағалауды жою;

– оқудан шығару;

– Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген басқа да шаралар.

7.16 Академиялық жұмыстары, идеялары немесе материалдары дұрыс пайдаланылмаған тұлғаларға қатысты түзету шаралары:

– авторлықты қалпына келтіру және/немесе авторды тиісті түрде көрсету;

– академиялық адалдықты бұза отырып алынған бағалау нәтижелерінің күшін жою;

– Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де шаралар.

7.17 Академиялық адалдықты бұзды деп негізсіз айыпталған тұлғалардың құқықтарын қалпына келтіру шаралары:

– академиялық адалдықтың бұзылуына қатысты шешімнің күшін жою;

– бағалау нәтижелерін, академиялық мәртебені және басқа да бұзылған құқықтарды қалпына келтіру;

– Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де шаралар.

7.18 Қызметкерге немесе оқытушыға тәртіптік жаза және білім алушыларға тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану осы Саясаттың 7.16 және 7.17 тармақтарында көзделген академиялық адалдықты бұзу немесе оны жасады деп негізсіз айыптау салдарынан зардап шеккен тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру жөніндегі шараларды қолдануға кедергі келтірмейді.

7.19 Тәртіптік шараларды қолдану туралы шешімдер Басқарма Төрағасының – Университет Ректорының немесе оның міндетін атқарушы лауазымды тұлғаның бұйрығымен рәсімделеді.

7.20 Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда академиялық адалдықты бұзу туралы ақпарат білім алушылардың, оқытушының және қызметкерлердің жеке ісіне енгізіледі.

7.21 Университет білім беру процесін жетілдіру және қайталанған тәртіп бұзушылықтардың алдын алу мақсатында академиялық адалдықтың бұзылуының анықталған жағдайларына және қолданылған тәртіптік шараларға жүйелі талдауды жүзеге асырады.

7.22 Академиялық адалдықтың бұзылуын анықтау және қарау рәсімдерінің сақталуын бақылауды белгіленген тәртіппен АМД, ҒИҚД және Оқу бақылау қызметі жүзеге асырады.

8. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

8.1 Университеттегі ғылыми-зерттеу және (немесе) эксперименттік-зерттеу қызметі «Ғалымдардың этика кодексінде» және Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген академиялық адалдық қағидаттарын, академиялық этика нормаларын және ғылыми адалдық стандарттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

8.2 Университет деректерді жасау және бұрмалау, плагиат, авторлықты дұрыс көрсетпеу және ғылыми қызметтегі адал емес әрекеттердің басқа түрлерін алдын алуды, анықтауды және ескертуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді жүргізуде генеративті жасанды интеллект құралдарын пайдалануды реттейді.

8.3 Ғылыми сараптама жүргізу және зерттеу нәтижелерін бағалау кезінде олардың кәсіби құзыреттілігі, сондай-ақ ~~және~~ тәуелсіздік, объективтілік және мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттарын сақтау ескеріле отырып, білікті сарапшылар тартылады.

8.4 Университет білім алушылары, оқытушылары және қызметкерлері дайындаған ғылыми зерттеулердің, ғылыми жарияланымдардың, диссертациялардың және басқа да ғылыми жұмыстардың нәтижелері рұқсатсыз алынған қаражаттың бар-жоғына және мамандандырылған бақылау жүйелерін пайдалана отырып, ғылыми зерттеулердің сапасына қойылатын белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеріледі.

8.5 Университет ғылыми жарияланымдарда академиялық адалдық қағидаттарының сақталуына және зерттеу нәтижелерінің негізділігіне іріктемелі бақылау жүргізеді, оның ішінде авторлыққа, дәйексөз келтіруге, зерттеу әдіснамасына және нәтижелерді ұсынуға қойылатын талаптардың сақталуын талдайды.

8.6 Ғылыми зерттеу және ғылыми сараптама материалдары Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен құжаттауға және сақтауға жатады, бұл оларды кейіннен тексеру және аудит жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

8.7 Университет академиялық адалдық пен ғылыми этика қағидаттарының сақталуына, жариялылық белсенділікке, ғылыми зерттеулер нәтижелеріне және есептіліктің өзге де нысандарына бақылау жүргізеді.

8.8 Университеттің академиялық адалдық, ғылыми этика және ғылыми-зерттеу қызметінің сапасы қағидаттарының сақталуын бақылауды Ғылым және инновациялық қызмет департаменті белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Осы Саясат Университеттің Ғылыми кеңесінде қаралып, 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге бекітіледі. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін құжат қайта қаралуға жатады.

9.2 Саясатты өзектендіру Қазақстан Республикасының заңнамасында, академиялық адалдықты қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарында немесе Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында өзгерістер болған жағдайда белгіленген мерзімнен бұрын жүзеге асырылуы мүмкін.

9.3 Осы Саясатты бекіту, өзгерту, толықтыру немесе күшін жою туралы шешім Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында қабылданады.

9.4 Осы Саясат Университеттің ресми веб-сайтында жариялануға және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілуге тиіс.

9.5 Университет академиялық адалдықтың бұзылу жағдайларын, білім беру процесі мониторингінің нәтижелерін және білім алушылар мен қызметкерлердің кері байланысын талдау негізінде осы Саясатты іске асырудың тиімділігі мен мерзімді бағалауды жүзеге асырады.

9.6 Осы Саясат Университеттің Ғылыми кеңесі оны бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

9.7 Осы Саясаттың өзектендірілуін бақылау Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке жүктеледі.

1-қосымша

Академиялық адалдық саясатын әзірлеуде негізге алынған құжаттардың тізбесі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 27 шілде №319-III);
2. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII);
3. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы);
5. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы);
6. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);
7. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде жоғары білім сапасын қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығы (ESG 2015);
8. The Fundamental Values of Academic Integrity (International Center for Academic Integrity, 2021);
9. The Concordat to Support Research Integrity (Universities UK, 2019);
10. The European Code of Conduct for Research Integrity (ALLEA, 2017; revised 2023);
11. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2020 жылғы 25 тамыздағы №512 бұйрығы);
12. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Академиялық саясаты;
13. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ ғалымының этика кодексі;
14. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Корпоративтік этика кодексі;
15. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі;
16. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ-да жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ереже (Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген, 2024 жылғы 6 қыркүйектегі № 6 хаттама);
17. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ білім алушылардың оқу жетістіктеріне қорытынды бақылау жүргізу қағидалары;
18. Студенттердің мәтіндік құжаттарында көшірудің бар-жоғын тексеру туралы ереже.
19. Қорытынды бақылауды жүргізуге арналған нұсқаулық.